

Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз ету мемлекеттік жүйесін дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 16 наурыздағы N 321 Қаулысы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 903 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз ету мемлекеттік жүйесін дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі жарты жылдықтың қорытындылары бойынша жылына екі рет, 10 қаңтарға және 10 шілдеге Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарламаны іске асыру барысы туралы ақпарат ұсынсын.

3. Бағдарламаның орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары С.М. Мыңбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4

ж ы л ғ ы

1 6

н а у р ы з д а ғ ы

N

3 2 1

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін
қамтамасыз ету мемлекеттік жүйесін дамытудың
2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасы**

Астана қаласы, 2004 жыл

**Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз ету мемлекеттік
жүйесін дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасы**

1. Бағдарламаның паспорты

Атауы Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз ету мемлекеттік жүйесін дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасы

Бағдарламаны Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5
әзірлеу үшін қыркүйектегі N 903 қаулысымен
негіздеме бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасын
іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының

2.3-тармағы

Бағдарламаны Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда
негізгі министрлігі

әзірлеуші

Бағдарламаның Бағдарламаның мақсаты экономика салаларының өлшем
мақсаты бірлікті қамтамасыз етуде қажеттіліктерін неғұрлым
толық қанағаттандыруға, өлшем бірлікті қамтамасыз
ету мемлекеттік жүйесінің негіздерін дамытуға
бағытталған Қазақстан Республикасының шамалар
бірліктерінің эталондық базасын жоспарлы құру және
жетілдіру болып табылады

Бағдарламаның Эталондық базаның, өлшем бірлігін қамтамасыз ету
негізгі мемлекеттік жүйесінің негіздері жай-күйінің
міндеттері проблемаларын айқындау;
эталондық базаны, уақыт пен жиіліктің эталонын
ұстау, сақтау шарттарын қамтамасыз ету;
мемлекеттік эталондарды халықаралық салыстыруларды
қолдану және жүргізу

Қаржыландыру Бағдарлама республикалық бюджет қаражатынан
көзі қаржыландырылады 2004 жылға - 455,0 млн. теңге,
2005 жылға - 1 692,14 млн. теңге, 2006 жылға - 1
1170,652 млн. теңге

Бағдарламаны Бағдарламаны іске асыру қажетті деңгейдегі
іске асырудан эталондық базаны құруға, өлшемнің дәлдігі мен
күтілетін шынайылығын арттыруға, өлшеу техникасын жетілдіруге,
нәтижелер экономиканың өсуіне және сауданың дамуына ықпал
етеді

Іске асыру 2004-2006 жылдар
мерзімі

Ескерту. 1-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.04.14. N 356 қаулысымен

2. Кіріспе

Осы Бағдарлама Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 903 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына (2.3-тармақ) сәйкес әзірленді. Бағдарлама "Қазақстан Республикасының шамалар бірліктерінің эталондық базасын дамытудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 10 мамырдағы N 614 қаулысымен бұрын бекітілген Қазақстан Республикасының шамалар бірліктерінің эталондық базасын дамытудың 2001-2003 жылдарға арналған бағдарламасын жалғастырушы болып табылады.

Бағдарлама метрологиялық қамтамасыз етуде, дәлдігі жоғары өлшеуші техниканың дамуында республика ғылымының, техникасының және өнеркәсібінің қазіргі заманғы және перспективалы қажеттіліктерін талдаудың негізінде жасалды.

Оны әзірлеу кезінде Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясына сәйкес республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының басымдықтары мен мақсаттары, ұлттық экономиканың әлемдік экономикалық қауымдастықпен ықпалдасуына байланысты мәселелерді шешудің қажеттілігі ескерілді.

Бағдарлама 3 жылға есептелген және республикада өлшемдердің бірлігі мен дәлдігін қамтамасыз ету және өлшемдердің ұлттық жүйесін халықаралық талаптарға бейімдеу мақсатында ұлттық эталондық базаны дамыту мен жетілдіру жөніндегі негізгі міндеттерді қамтиды.

3. Проблеманың қазіргі жай-күйін талдау

Даму деңгейі тұтастай экономика дамуының деңгейін айқындайтын ұлттық эталондық база республикадағы өлшем бірлікті қамтамасыз етудің техникалық негізі
б о л ы п т а б ы л а д ы .

Осы өлшем саласында қол жеткізілген, шама бірлігін ең жоғарғы дәлдікпен жаңғыртатын және (немесе) сақтайтын және олардың мөлшерін бағынышты эталондарға және жұмысшы өлшем құралдарына беретін мемлекеттік бастапқы эталондардың кешені елдің эталондық базасының ең жоғарғы буыны болып табылады.

1999-2003 жылдарға арналған ұқсас бағдарламаларды іске асыру пайдаланымға жаңа эталондарды енгізуге, эталондар қатарын жаңғыртуға, өлшенетін шамалардың ауқымын кеңейтуге мүмкіндік берді.

70-80 жылдарда құрылған және оңтүстік өңірде шоғырланған қазіргі уақытта бар мемлекеттік эталондар моральдық және техникалық тұрғыдан ескірген және олардың метрологиялық сипаттамалары ел үшін бастапқы өлшем құралдарына қойылатын талаптарға жауап бермейді.

Бұдан басқа, алдыңғы қатарлы шет елдердің эталондарымен салыстырғанда ұлттық

эталондардың ғылыми-техникалық деңгейінің төмендеу үрдісі де бар.

Мемлекеттік эталондардың ғылыми-техникалық деңгейі олардың ұлттық эталондарды бара-барлығын және жүргізілетін өлшемдердің дұрыстығын танудың заңды негізін құрайтын шет елдердің ұлттық эталондарымен халықаралық салыстырудың теріс нәтижелеріне алып келеді.

Бұдан басқа, заңды тұлғалардың метрологиялық қызметтеріне жататын бірқатар бастапқы эталондар, сондай-ақ жұмысшы өлшем құралдары тиісті мемлекеттік эталондардың болмауына байланысты салыстырып тексеруге республикадан тысқары әкетіледі (Ресейге, Украинаға). Жыл сайын әртүрлі өлшем құралдарының 30-дан астамы, оның ішінде газдардың ылғалдылығын анықтауға арналған гигрометрлер, сынап буларының газ талдауыштары және басқалары оларды салыстырып тексеру үшін республикадан тысқары әкетіледі. Эталондық материалдардың болмауына байланысты газ талдауыштары, астық дымқыл өлшеуіштерді, полярографтарды, хроматографтарды және басқа да өлшем құралдарын салыстырып тексеру кезінде қиындықтар туындайды, эталондық материалдар Ресейден сатып алынады.

Бұл жағдай отандық өнімнің әлемдік рынокқа шығуын айтарлықтай дәрежеде тежейді, республиканың өзінің бастапқы эталондарын және жұмысшы өлшем құралдарын салыстырып тексеруге мәжбүр басқа елдерге техникалық және экономикалық тәуелділігін туғызады.

Әсіресе бұл метрологиялық қамтамасыз етуі тиісті деңгейде емес отын-энергетикалық кешен, мұнай-газ өндіруші өнеркәсіп, сондай-ақ машина жасау салалары, тамақ өнеркәсібі, телекоммуникациялар сияқты экономиканың қарқынды дамушы салаларына қатысты болады.

Осыған байланысты, экономика салаларының перспективалық қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін жаңа эталондарды құру және қолда барын жаңғырту эталондық базаның дамуының басым бағыттары болып табылады.

3.1 Машина жасау, аспап жасау, металлургия және басқа өндірістік салалар

Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму стратегиясының аясында машина жасаудың және аспап жасаудың жекелеген түрлері үшін металл өңдеуге арналған станоктар, сүйреу стандарты, мұнай-газ өндіруші жабдықтар және басқалары сияқты өнімдерді ұйымдастыру және шығару оларды әрі қарай дамытудың орындылығына байланысты басымдықты болып табылады. Мұндай өндірістерді жүзеге асыру кезінде геометриялық шамалардың өлшем құралдарының айтарлықтай саны пайдаланылады: сыртқы және ішкі мөлшерді, күрделі жұмысшы тыстардың параметрлерін, түзу сызықтан және жалпақтықтан ауытқуды өлшеу. Қазіргі уақытта ұзындықты өлшеу аспаптарын жөнге келтіру және калибрлеу үшін пайдаланылатын 2 санатты

ұзындықтың аяқталу шамалары салыстырып тексеру үшін республикадан тысқары
ә к е т і л е д і .

Микропроцессорлық техника мен технологияның дамуына байланысты электр шамаларын өлшеу дәлдігін арттыруды талап ететін аса кіші ұзындықтарды цифрлы-ұқсас дабылдарды дәл өлшеу болмай отыр.

Республикада экологиялық мониторинг үшін радиолокациялық және навигациялық жүйелерде, жоғары жиілікті радио байланысында, электромагнитті сәуле шығаруды бақылау аппаратурасында микросызбалардың, транзисторлардың, диодтардың параметрлерін бақылау үшін пайдаланылатын аспаптарды калибрлеуге арналған
ж а ғ д а й ж о қ .

Металлургияда және басқа да қайта өңдеу салаларында жүйелер, оның ішінде температураны қашықтықтан анықтайтын пирометрлер кең қолданылады. Республикада пирометрия саласындағы метрологиялық база бірнеше эталондық пирометрлермен (10 шамасында) және 1000 данаға жуықты құрайтын жұмысшы аспаптардың паркіне қызмет көрсететін 2-разрядты температуралық лампалармен шектеледі. Бұл эталондарды мерзімді салыстырып тексеру Ресейде жүргізіледі.

Шамалар мен салмақтардың III Бас конференциясының шешіміне сәйкес физикалық шамалардың Халықаралық жүйесінде уақыт бірлігі мынадай болып айқындалған:
секунд - Цезия-133 атомы негізгі жай-күйінің екі өте жіңішке деңгейлерінің арасындағы өткелге сәйкес келетін 9192631 770 сәулелену кезеңдері.

Уақыт бірлігін оның анықтамасына толық сәйкес тәуелсіз жаңғырту үшін уақыт эталоны құрамында цезийлік стандарт болуы қажет.

3.2 Отын-энергетикалық кешен

Энергетикалық және басқа табиғи ресурстарды үнемдеу - республиканың экономика салаларының алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі. Қазіргі уақытта отын-энергетикалық кешенде бақылаудың төмен дәлдікті өлшем құралдарының айтарлықтай саны қолданылады: қолданылуы жыл сайын айтарлықтай шығын әкелетін электр энергиясын есептегіштер, шығын өлшеуіштер, кондуктометрлер, жылу есептегіштер. Мысалы, республикадағы өндірілетін электр энергиясының өлшем кателігін электронды жүйенің электр есептегіштерін пайдалану кезінде 2%-дан 0,5%-ға дейін азайту электр энергиясын ақшаға шаққанда 1,5 млрд. эквивалентті теңгені үнемдеуге мүмкіндік береді.

Экономикалық жоғалтулар электр энергиясын өндіру, бөлу, тұтыну және сыртқы сауда кезінде, оның ішінде электр энергиясы есебінің жеткіліксіз дәлдігінің және сапасын бағалаудың жоқтығы нәтижесінде болады.

Талдау көрсетіп отырғандай, электр берудің ірі жүйеаралық және мемлекетаралық желілерінде есептеу кателігі 1,0-1,5%-ды, энергияны ірі өндірушілерде және

тұтынушыларда 1,5-4,0%-ды, тұрғын үй-коммуналдық салада 3%-ды құрайды. Электр энергиясы сапасына тиісті бақылаудың жоқтығы қосымша энергетикалық желілердегі жоғалтулардың ұлғаюына, компьютерлер мен есептегіш техника жұмысының бұзылуына әкеліп соғады. Мұндай жағдай электрлік шамалардың өлшем құралдарын салыстырып тексеруге арналған қажетті эталондар мен эталондық жабдықтың жоқ болуына байланысты мүмкін болып табылады: 1 разрядты индуктивтіктің шамалары, индуктивтіктің жұмыстық шамасын, индуктивтіктің көпірлерін және өлшеуіштерін, ток трансформаторларын салыстырып тексеруге арналған қондырғы (дәлдік сыныбы 0,005) пайдаланылатын өзара индуктивтіктің орауыштары.

Су дайындаушы қондырғылардың пайдаланылу режимі су дайындаушы, жылу энергетикалық және желілік жабдықтардың ішкі беттерінің тоттануы арқылы болған үнемділіктің төмендеуінсіз және зияндылығынсыз электростанция және жылу желілері кәсіпорындарының жұмысын қамтамасыз етуі қажет. Суды бақылау қазандардың "қоректенетін" суының үлесті электр өткізгіштігін өлшейтін кондуктометрлермен, сондай-ақ тұз өлшеуіштермен жүргізіледі.

Республикада технологиялық судың сапасын бақылауға арналған (жылуэлектрлікорталық, авиаотрядтар) энергетика және авиацияда қолданылатын тұз өлшеуіштер салыстырып тексерумен қамтамасыз етілмеген.

Сұйықтықтардың үлесті электр өткізгіштігі бірліктерінің мөлшерін жаңғырту, сақтау және беруге арналған мемлекеттік алғашқы эталон жоқ.

3.3 Мұнай-газ өндіруші өнеркәсіп

Каспий теңізінің қазақстандық секторында барлау жұмыстарын жүргізу, мұнай және газды қайта өңдеуші күштерді қайта жаңарту және ұлғайту, мұнай-газдық машина жасауды дамыту, мұнай-химиялық саланы дамыту, экспорттық күштерді кеңейту мұнай-газ саласы дамуының ағымдағы жай-күйіне, оның әлеуеті мен экономикалық орындылығына байланысты дамудың басымдығы болып табылады. Қазақстан континенталды ел екенін және көмірсутек шикізаты қорлары негізгі әлемдік рыноктардан алыс орналасуын ескере отырып, мұнай және газ тасымалдау мәселесін шешу республика үшін басымдық маңызға ие.

Мұнай және мұнай өнімдерінің сапасын бағалау кезінде бақылауға жататын параметрлердің бірі тығыздық пен жабысқақтық болып табылады. Мұнай және мұнай өнімдерінің тығыздығы мен жабысқақтығын өлшеу: коммерциялық есептің тораптарында, сұйық өнімді өндіру және тасымалдаудың технологиялық процесстерін бақылау және реттеу кезінде жүргізіледі.

Сұйық және жартылай сұйық орталардың тығыздығы мен жабысқақтығын жоғары дәлдікпен өлшеу мұнай химиясында, химияда, фармацевтикада, құрылыс материалдарын өндіруде өнімді сертификаттау кезінде жүргізіледі.

Тығыздықтың және сұйықтықтың кинематикалық жабысқақтығы бірліктерінің мөлшерін жаңғырту, сақтау және беруге арналған сұйықтықтың тығыздығы бірлігінің және сұйықтықтың кинематикалық жабысқақтығы бірлігінің мемлекеттік алғашқы
э т а л о н д а р ж о қ .

Мұнай мен газды тасымалдау кезінде бақылау мен басқару процесстерін автоматтандыру үшін республикаға өз метрологиялық сипаттамалары бойынша эталондарға жақындастырылған өлшеуіш-есептегіш бақылаушыларының әртүрлі
т и п т е р і ә к е л і н е д і .

Артық қысымның мемлекеттік екінші эталонының жоқтығы республиканың артық қысымның өлшем құралдарын салыстырып тексеруге деген сұранысын қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді.

3.4 Қоршаған ортаны бақылау

Мұнай мен газдың қорларын белсенді түрде игеру экологиямен байланысты алға
т а р т а д ы .

Мұнай мен газдың кен орындарын әзірлеуші ірі компаниялар қоршаған ортаны қорғау мәселелерімен белсенді түрде айналысуына қарамастан, республикада экологиялық жағдай бұрынғысынша күрделі болып қалуда және тұрақты бақылауға
а л ы н у ы т и і с .

Атомдық және химиялық өнеркәсіптің, металлургиялық өндірістің, автокөліктің қосалқы өнімдерінің шығарындылары қоршаған ортаны ластаудың басқа да көздері
б о л ы п т а б ы л а д ы .

Таза газ бен газ қоспасы газ компоненттерінің араласпасы бірлігінің мөлшерін беретін негізгі құралдары болып табылады. Қазіргі кезде республикада газ қоспаларын аттестацияланған
ө н д і р і с и г е р і л г е н ж о қ .

Атмосфераның жай-күйін бақылау саласында өлшеуіш талдамалық міндеттеріне қоршаған ортадағы қышқылдықты, өндірістік және ауыл шаруашылық өндірісінің өндірістік және қойма үй-жайларындағы атмосфера ауасының ылғалдығын анықтау жатады, ылғалдыққа және рН шәкіліне қатысты аспаптар сол үшін қажет.

Қоршаған ортаның ластануын бақылау саласында, сондай-ақ қауіптіліктің 1 және 2 сыныптарына (улар) жататын органикалық ластануды анықтауға арналған аспаптар - эталондары жоқ бірлік мөлшерін беру үшін сынғыштық көрсеткіштерін бағалауға арналған рефрактометрлер қолданылады. Бірлік өлшемін рефрактометрлерге беруге арналған эталондар жоқ.

3.5 Мемлекеттік есептеу операциялары

"Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 7 шілдедегі N 52-II Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес мемлекеттік есептеу операцияларын

іске асыру кезінде қолданылатын өлшем құралдары міндетті салыстырып тексеруге ж а т а д ы .

Салмақ шамалары материалдық құндылықтарды есептеу кезіндегі негізгі өлшем құралдары болып табылады (тааразылар мен гирлер).

2003 жылғы 1 қаңтардан бастап гирлер мен олардың жиынтықтарына қойылатын халықаралық талаптармен үйлестірілген талаптарды белгілейтін МЕМСТ-тың 7328-2001 "Гирлер. Жалпы техникалық шарттардың" енгізілуімен Е1, Е2 дәлдік сыныбындағы гирлерді салыстырып тексеруге қажеттілік туды, олар эталондық өлшем құралдарының жоқ болуына байланысты республикада метрологиялық қызмет көрсетумен қамтамасыз етілмеген.

3.6 Ауыл шаруашылығы

Бірінші кезекте астық пен жемге жататын ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруде технологиялық процестердің параметрлерін және басқаруды бақылау кезінде ылғалдылық анықтаушы роль атқарады, астықтың жай-күйі, сақталуы, сатып алу және сату кезіндегі есептің шынайылығы ылғалдылыққа байланысты болады.

Жедел анықтау, сондай-ақ элеваторларда, нан қабылдаушы пункттерде ылғалдылықты бақылау кезінде қазіргі кезде астық пен астық өнімдерінің ылғалдылық бірлігін жаңғыртуға арналған жоғары дәлдікті қондырғының болмауынан метрологиялық қамтамасыз етілмеген ылғал өлшеуіштер қолданылады.

Ылғалдылық зертханалық жағдайларда ұзақ уақыт ішінде құрғату шкафтарының кө м е г і м е н а й қ ы н д а л а д ы .

Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылығын, оның ішінде астық шаруашылығын көтеру және дамыту астық пен астық өнімдерінің ылғалдылығын анықтау бойынша қазіргі заманғы өлшем құралдарын тартуды, жедел әдістерді пайдалануды, өлшемдер деңгейінің дәлдігін жоғарылатуды, ылғалдылық аспаптарын салыстырып тексеру үшін жағдайлар жасауды және метрологиялық қамтамасыз ету мәселелерін шешуді талап етеді.

3.7 Мемлекеттік эталондарға қызмет көрсету және оларды бірге алып жүру

Ескерту. 3.7-кіші бөлімнің тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.04.14 . N 356 қаулысымен.

Заңға сәйкес (10-бап) мемлекеттік эталондарды құру және ұстау мемлекет е с е б і н е н і с к е а с ы р ы л а д ы .

1999 жылғы жай-күй бойынша Мемстандарттың қарамағында 19 мемлекеттік э т а л о н б о л д ы .

Республикалық бюджеттің қаржысына 1999 жылдан бастап мыналар сатып алынған

:

1999-2000 жылдары - эталондар мен эталондық жабдықтардың 10 бірлігі;

2001 жылы - эталондар мен эталондық жабдықтардың 13 бірлігі;

2002 жылы - эталондар мен эталондық жабдықтардың 3 бірлігі;

2003 жылы - эталондар мен эталондық жабдықтардың 13 бірлігі.

2004 жылдың басында эталондар мен эталондық жабдықтардың саны 58 бірлікті құрайды.

Осы Бағдарламаның шеңберінде 21 бірлік эталондар сатып алу жоспарланып отыр.

3.8 Салыстырып тексеру зертханасын құру

Заңға сәйкес мемлекеттік метрологиялық қадағалау саласында пайдаланылатын өлшем құралдары салыстырып тексерілетін өлшем құралының белгіленген техникалық талаптарға сәйкестігі расталатын және оның бұдан әрі қолдануға жарамдылығы анықталатын міндетті салыстырып тексеруге жатады.

Қазіргі уақытта азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғауды, соның ішінде медицина және ел қорғанысы саласында қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстар кезінде, қоршаған ортаның жай-күйін бақылау кезінде, сауда-коммерциялық операциялар және сатып алушы (тұтынушы) мен сатушы (жеткізуші, өндіруші, орындаушы) арасындағы, соның ішінде тұрмыстық және коммуналдық қызметтер, байланыс қызметтері және басқа салалардағы есептесулер кезінде қолданылатын өлшем құралдарын салыстырып тексеру бойынша аккредиттелген заңды тұлғалар көрсететін қызметтердің сапасы туралы мәселе өзекті болып отыр.

Өлшемдер нәтижелерінің шынайылығы көрсетілген қызмет салаларында мемлекет үшін әлеуметтік, экономикалық және саяси маңызға ие.

Шет ел тәжірибесін зерделеу жоғарыда көрсетілген салаларда пайдаланылатын өлшем құралдарын салыстырып тексеруді мемлекеттік мекемелер жүзеге асыратынын көрсетеді.

Ескерту. 3.8-кіші бөліммен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005.04.14. N 356 қаулысымен.

3.9 Зертханааралық салыстыруларды ұйымдастыру және жүргізу

Өлшем құралдарын салыстырып тексеру және калибрлеу рәсімін белгіленген тәртіппен аккредиттелген заңды және жеке тұлғалардың метрологиялық қызметтері жүзеге асырады.

Жүргізілетін өлшем құралдарын салыстырып тексеру және калибрлеу сапасын қамтамасыз ету үшін аккредиттелген салыстырып тексеру және калибрлеу зертханаларының (орталықтарының) арасында зертханааралық салыстырулар жүргізу қажет.

Салыстырулар бақылау тәсілдерінің бірі болып табылады және республикада өлшемдердің бірлігін және талап етілетін дәлдікті қамтамасыз ету және метрологиялық қызметтердің техникалық құзыреттілігін растау мақсатында жүргізілуі тиіс.

Ескерту. 3.9-кіші бөліммен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005.04.14. N 356 қаулысымен.

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты өлшем бірлігін қамтамасыз етуге экономика салаларының өлшем бірліктерін қамтамасыз етуге деген қажеттіліктерін толық қанағаттандыруға, өлшем бірліктерін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің негіздерін дамытуға бағытталған Қазақстан Республикасының шама бірліктерінің эталондық базасын жоспарлы түрде құру және жетілдіру болып табылады.

Бағдарламаның міндеттері:

эталондық база жай-күйінің проблемаларын, өлшем бірліктерін қамтамасыз ету;

мемлекеттік жүйесінің негіздерін айқындау;

эталондық базаны, уақыт пен жиіліктің эталонын ұстау, сақтау шарттарын
қ а м т а м а с ы з е т у ;

мемлекеттік эталондарға халықаралық салыстыруларды қолдану және жүргізу болып табылады.

5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі

5.1 Машина жасау, аспап жасау, металлургия және басқа да өндірістік салалар

Негізгі бағыттар мыналар болып табылады: ұзындық ұшының шамаларын метрологиялық қамтамасыз ету үшін - эталондық базаны 100-ден 1000 мм-ге дейінгі ұзындық бірлігінің мөлшерін жаңғыртудың және берудің ауқымы бар ұзындықтың мемлекеттік эталонымен жабдықтау; микросызбалар, транзисторлар, жоғары жиілікті тораптар, электромагнитті сәулелену аппаратура параметрлері бақылауының аспаптарына калибрлеуді ұйымдастыру үшін - 30-дан 3000 МГц-ге дейінгі жиілік ауқымында 0,1-ден 1 В-ға дейінгі электр кернеуінің эталонын жасау; пирометрлерді салыстырып тексеруді ұйымдастыру мақсатында

800-ден 1500 °С-ға дейінгі ауқымда 1-ші разрядты эталондық монохроматикалық
п и р о м е т р і н с а т ы п а л у ,

0-ден 2500 °С-ға дейінгі ауқымда температураның мемлекеттік алғашқы эталонын
қ ұ р у .

Тәуелсіз жаңғырту үшін бірлік анықтай отырып толық сәйкестікпен уақыт пен жиілік бірлігінің мемлекеттік эталонын уақыт эталонын цезийлік стандартпен,

қабылдағыш-синхронизатормен, жиілік компараторымен әрі қарай жабдықтау қажет.

І с к е а с ы р у т е т і г і :

100-ден 1000 мм-ге дейінгі ұзындық бірлігінің мөлшерін жаңғыртудың және берудің ауқымын кеңейту мақсатында ұзындықтың мемлекеттік эталонын жаңғырту;

30-дан 3000 МГц-ке дейінгі жиілік ауқымында 0,1-ден 10 В-ға дейінгі электр кернеуінің мемлекеттік алғашқы эталонын құру;

0-ден 2500 °С-ға дейінгі ауқымда температураның мемлекеттік алғашқы эталонын құру ;

уақыт пен жиіліктің цезийлік стандартын, қабылдағыш-синхронизаторды, жиілік компараторын сатып алу болып табылады.

Ескерту. 5.1-кіші бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.04.14. N 356 қаулысымен.

5.2 Отын-энергетикалық кешені

Энергетикалық ресурстар бойынша елдің әлемдік бағаларға өтуі, оларды өндірісте тиімді жұмсау, үдемелі энергия сақтайтын технологияны енгізу өлшеуіш техниканы әрі қарай жетілдіруді және өлшемдердің дәлдігі мен шынайылығын одан әрі жетілдіруді талап етеді .

І с к е а с ы р у т е т і г і :

сұйықтықтардың үлесті электр өткізгіштігінің мемлекеттік алғашқы эталонын жасау ;

1-ші разрядты эталондық тұз өлшеуіш кондуктометрді сатып алу; 1×10^{-6} -дан 1 Гн-ге дейінгі ауқымда индуктивтік бірлігінің мемлекеттік екінші эталоны;

1 Ом номиналды мәні бар электрлік қарсылықтың алғашқы эталонын жасау;

0,2 пФ номиналды мәні бар электрлік сыйымдылықтың алғашқы эталонын жасау;

1×10^{-3} -тен 1А-ға дейінгі ауқымда тұрақты электр тоғы күшінің мемлекеттік эталонын жасау ;

1×10^{-3} -тен 20А-ға дейінгі ауқымда ауыспалы электр тоғы күшінің мемлекеттік эталонын жасау .

Ескерту. 5.2-кіші бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.04.14. N 356 қаулысымен.

5.3 Мұнай-газ өндіруші өнеркәсіп

Мұнай және мұнай өнімдері сапасын бағалау және өлшеуіш-есептегіш техника бақылаушыларын, мұнай және газды тасымалдау кезінде пайдаланылатын қысым мен температураның жоғары дәлдіктегі түрленгіштерін салыстырып тексерумен қамтамасыз ету мұнай-газ өндіруші өнеркәсіпті метрологиялық қамтамасыз етуді

дамытудың негізгі бағыттары болып табылады.

Іске асыру тетігі:

650-ден 2000 кг/м³ -ге дейінгі ауқымда сұйықтық тығыздығы бірлігінің мемлекеттік алғашқы эталонын жасау;

0,05-тен 10 МПа-ға дейінгі ауқымда артық қысымның мемлекеттік алғашқы эталонын жасау;

4,0x10⁻⁷ -ден 1,0x10⁻¹ м²/с-ға дейінгі ауқымда сұйықтықтың кинематикалық жабысқақтық бірлігінің мемлекеттік алғашқы эталонын жасау болып табылады.

5.4 Қоршаған ортаны бақылау

Табиғи антропогенді экожүйелердің жағдайын және қозғалысын жылдам түрде бақылауды қамтамасыз ететін өлшемдердің жүйешесі Экологиялық мониторингтің жергілікті, аймақтық, ұлттық және басты деңгейлеріндегі жүйенің негізгі блогы болып табылады. Мониторингтің тиімділігі шама бірліктері эталондарының және стандарттық үлгілер жиынтықтарында орналасқан алынатын экологиялық ақпараттың шынайылығымен айқындалады.

Іске асыру тетігі:

0 және 1-ші санатты газды орталардағы компоненттердің молярлы үлесі және салмақтық концентрациясы бірліктерінің жұмысшы эталондарын сатып алу;

1,47-1,94 өлшемдер ауқымындағы сынушылық көрсеткіші бірлігінің мемлекеттік алғашқы эталонын жасау;

3,547-10,317 өлшемдер ауқымындағы рН шәкілінің мемлекеттік алғашқы эталонын жасау;

5-тен 100 %-ға дейінгі ауқымда 1-разрядты гигрометрді сатып алу болып табылады.

Ескерту. 5.4-кіші бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.04.14. N 356 қаулысымен.

5.5 Мемлекеттік есептеу операциялары

2003 жылғы 1 қаңтардан бастап гирлер мен олардың жиынтықтарына қойылатын, халықаралық талаптармен үйлестірілген талаптарды белгілейтін МЕМСТ-тың 7328-2001 "Гирлер. Жалпы техникалық шарттардың" және материалдық құндылықтарды талап етілетін дәлдікпен есептеуді қамтамасыз ету қажеттілігімен бастап енгізілуімен және эталондық базаны әрі қарай жабдықтау қажеттілігі туды.

Іске асыру тетігі:

эталондық базаны салмақ бірлігінің эталондық жиынтығымен, мемлекеттік екінші эталонмен және жұмысшы эталонымен әрі қарай жабдықтау болып табылады.

5.6 Ауыл шаруашылығы

Астық және астық өнімдері ылғалдылығының өлшем құралдарын метрологиялық қамтамасыз ету және олардың метрологиялық деңгейін арттыру.

Іске асыру тетігі 5-тен 45%-ға дейінгі ауқымда астық және астық өнімдері ылғалдылығын жаңғыртуға арналған жоғары дәлдікті қондырғы сатып алу болып табылады.

5.7 Мемлекеттік эталондарға қызмет көрсету және оларды бірге алып жүру

Іске асыру тетігі мынадай іс-шараларды қамтиды:
шет елдердің шамалар бірліктерінің мемлекетаралық және халықаралық, сондай-ақ ұлттық эталондарымен салыстыруды (салыстырып тексеруді) жүргізу;
сатып алынатын жабдықты сақтау және пайдалану шарттарын қамтамасыз ету;
мемлекеттік эталондарды жаңғырту үшін шығын материалдарын және көмекші өлшем құралдарын сатып алу;
мемлекеттік эталондарды жөндеуден өткізу;
мемлекеттік эталондарға қызмет көрсететін қызметкерлерді ұстау;
мемлекеттік эталондарға қызмет көрсететін қызметкерлерді оқыту.

Ескерту. 5.7-кіші бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.04.14. N 356 қаулысымен.

5.8 Астана қаласында Эталондық орталық салу

Құрылыстың негізгі мақсаты республикада мөлшері барлық қолданылатын өлшем құралдарына берілетін шамалар бірліктерін жаңғыртатын мемлекеттік эталондарды сақтау және ұстау шарттарын қамтамасыз ету болып табылады.

Сатып алынатын эталондар мен эталондық жабдық оларды орнату үшін үй-жайды талап етеді. Үй-жайлар ғылыми зерттеулерді, халықаралық салыстыруларды және бірліктерді мемлекеттік эталондардан жұмысшы эталондарға беруді жүргізу үшін сақтау, қолдану шарттарын қамтамасыз ету қажет.

Астана қаласында Эталондық орталықты салу туралы шешім қабылданды (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы мәжілісінің хаттамасы) және Астана қаласының әкімі "Астана жаңа қала" еркін экономикалық аймақтан 0,693 га алаң жер бөлінді (2002 жылғы 12 наурыздағы N 3-1.414-П шешімі). Эталондар мен эталондық жабдықтарды орналастыруға арналған орындар эталондарды сақтаудың шарттарына қойылатын қатаң талаптарды қамтамасыз етуі қажет: тиісті температураны, ылғалдылықты, кедергіден қорғалушылықты (вибро, электрлік және басқа) және сейсмикалық беріктілікті ұстау.

Эталондық орталықтың ғимаратын салуды ұйымдастыру іске асыру тетігі болып т а б ы л а д ы .

Жоба зертханалық және әкімшіліктің екі негізгі корпустарын салуды көздейді. Эталондық орталықтың зертханалық корпусында өлшемдердің 17 түрі бойынша 21 эталонды орналастыру және өлшем құралдарына сынақ жүргізу үшін сынақ орталығын орналастыру жоспарланып отыр.

5.8 Салыстырып тексеру зертханасын құру

Негізгі бағыт номенклатуралық тізбеге енгізілген және мемлекет үшін әлеуметтік, экономикалық және саяси маңызы бар қызмет салаларында пайдаланылатын барлық өлшеуіш техниканы салыстырып тексерумен қамтамасыз ету болып табылады.

Іске асыру тетігі: салыстырып тексеру зертханасын құру және салыстырып тексеру жұмыстарын ұйымдастыру үшін салыстырып тексеретін және көмекші жабдықты с а т ы п а л у қ а ж е т .

Ескерту. 5.8-кіші бөліммен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005.04.14. N 356 қаулысымен.

5.9 Зертханааралық салыстыруларды ұйымдастыру және жүргізу

Өлшем құралдарын салыстырып тексеру және калибрлеу нәтижелерін зертханааралық салыстыруларды ұйымдастыру және жүргізу қызметкерлер штатын ұстауды, персоналды оқытуды, зертханааралық салыстырмалы салыстырулар нәтижелерін өңдеуге арналған бағдарламалық қамтамасыз етуді жасауды және әзірлеуді, анықтамалық-ақпараттық қор құруды және жиынтықтауды, салыстыру объектілерінің 3 түрін сатып алуды, байланыс қызметтерін, іссапар және басқа ш ы ғ ы с т а р д ы т а л а п е т е д і .

Ескерту. 5.9-кіші бөліммен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005.04.14. N 356 қаулысымен.

6. Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері

Бағдарламаны қаржыландыру Қазақстан Республикасының өлшем бірлігінің эталондық базасын дамытуға арналған республикалық бюджетте көзделген қаржы е с е б і н е н жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

2004 жылға қаржыландырудың қажетті көлемі 455,0 млн. теңгені құрайды, 2005 жылға 1 692,14 млн. теңге, 2006 жылға 1 170,652 млн. теңге.

Жыл сайынғы көлемдер тиісті жылға арналған тиісті бюджеттік бағдарлама бойынша республикалық бюджетте көзделген көлемдерге сәйкес нақтылануы тиіс.

Ескерту. 6-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.04.14. N 356 қаулысымен

7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтиже

Эталондық база мемлекет қауіпсіздігіне кепілдеме беруі (метрологиялық тәуелсіздік және жеткіліктілік), шикізаттың, ресурстардың, материалдардың, өнімнің сапасын және санын шынайы бағалауды іске асыру мақсатында орындалатын өлшемдердің дәлдігін д ұ р ы с б а ғ а л а у ы қ а ж е т .

Бағдарламаны іске асыру:

техникалық дамыған елдердің халықаралық эталондарының және ұлттық эталондарының дәлдігіне сәйкес эталондарды 15 бірлік бірінші эталондарды, 3 бірлік екінші және 3 бірлік жұмыс эталондарды сатып алуға Астана қаласында халықаралық талаптарға сәйкес ұлттық ғылыми-техникалық институтын (Эталон орталығын) салуға;

30-дан кем емес мемлекетаралық және халықаралық эталондарды шетел өлшем бірліктерімен салыстыруды (салыстырып-тексеру) жүргізуге, уақыт жүйесіндегі халықаралық ынтымақтастыққа қатысуға, мемлекеттік эталондарды сақтаушы ғалым атағына 20 маманды оқытуға мүмкіндік береді;

салыстырып тексеру зертханасын құру және әлеуметтік, экономикалық және саяси маңызы бар қызмет салаларында пайдаланылатын өлшем құралдары үшін салыстырып тексеру жұмыстарын ұйымдастыру;

аккредиттелген зертханалар жүргізетін өлшем құралдарын салыстырып тексеру, калибрлеу сапасын қамтамасыз ету.

Ескерту. 7-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.04.14. N 356 қаулысымен

8. Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз ету мемлекеттік жүйесін дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Ескерту. 8-бөлім жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.04.14. N 356 қаулысымен.

Р/с N	Іс-шара	Аяқталу нысаны	Орын- далуы- н а жауап- тылар	Орын- далу мерзімі	Болжам- д ы шығыс- т а р (млн. теңге)	Қаржы- ландыру көзі
1	2	3	4	5	6	7
	Мына жабдықтарды сатып алу немесе жаңарту: 1) 100 мм-ден 1000 мм-ге дейінгі ұзындық бірлігінің мөлшерін беру және					

жаңғырту ауқымын
 кеңейту мақсатында
 ұзындықтың мемле-
 кеттік эталонын
 ж а ң а р т у ;
 2) $0,95$ ықтимал-
 дық кезінде 2 -ден
 6 ° С-ға дейінгі
 сенімді қателігі
 бар 800 -ден 1500 °
 С-ға дейінгі
 ауқымдағы 1 -раз-
 рядты эталонды
 монохроматикалық
 пирометрді сатып
 а л у ;
 3) 2×10^{-5} ерекше
 емес жүйелі қате-
 лік кезінде 3×10^{-6}
 өлшем нәтижелері-
 нің орташа шаршы-
 лық ауытқуы бар
 $0,05$ -тен 10
 МПа-ға дейінгі
 ауқымда артық
 қысымның мемлекет-
 тік алғашқы
 эталонын жасау;
 4) с а л м а қ
 бірлігінің мемле-
 кеттік эталондық
 кешенін жасау
 (екінші және
 жұмыс эталондары);
 5) ерекше емес
 жүйелік қателігі
 $0,15$ %, орташа
 шаршылық ауытқуы
 5×10^{-5} артық емес,
 өлшем ауқымы
 $0,001$ -ден 50
 См/м-ге дейін
 сұйықтықтардың
 үлесті электр
 өткізгіштігінің
 (ҮЭӨ) мемлекеттік
 алғашқы эталонын
 с а т ы п а л у ;
 6) $0,1 \dots 0,25$ %
 салыстырмалы
 қателігі, R салыс-
 тырмалы үлесті
 электр өткізгіш-

тігі 1×10^{-4} -тен 100 см/м-ге дейінгі
 өлшем ауқымы бар
 1-разрядты
 эталондық тұз
 өлшеуіш кондукто-
 метрді сатып алу;
 7) тұрақтылығы
 1×10^{-5} кем емес,
 өлшем нәтижесінің
 орташа шаршылық
 ауытқуы 1×10^{-5}
 -тен 3×10^{-5} -ке
 дейін, индуктив-
 тілігі 1×10^{-6} -: 1
 Гн ауқымындағы
 бірліктің мемле-
 кеттік екінші
 эталонын сатып
 алу;
 8) газды орта-
 ларда молярлы
 үлес бірліктері-
 нің және
 компоненттердің
 салмақтық
 концентрациясының
 0 және 1-разрядты
 жұмыс эталондарын
 сатып алу;
 9) абсолюттік
 қателігі 0,2-ден
 0,5 %-ға дейін,
 минус 60-тан плюс
 60° C-ға дейінгі
 температура
 кезінде 5-тен
 100% -ға дейінгі
 өлшем ауқымында
 1-разрядты салыс-
 тырмалы ылғалдылық
 гигрометрін
 сатып алу;
 10) өлшем нәти-
 жесінің орташа
 шаршылық ауытқуы
 $0,02\%$, 5-тен 45
 %-ға дейінгі
 ауқымдағы астық
 және астық
 өнімдері ылғалды-
 лығының бірлігін
 жаңғыртуға
 арналған жоғары

1	дәлдікті кондырғы сатып алу; 11) уақыт пен жиілік эталонын уақыт пен жиілік цезийлік стандар- тымен, қабылдағыш- синхронизатормен, жиілік компарато- рымен одан әрі жабдықтау; 12) 30-дан 3000 МГц-қа дейінгі жиілік ауқымында 0,1 - 1 В электрлік кернеулі мемлекеттік алғашқы эталонды сатып алу; 13) жүйелік қателігі 0,00005 - 0,3 ° С-дан артық емес, өлшем нәтижесінің орташа шаршылық ауытқуы 0,00005 - 1,4 ° С-дан артық емес 0-ден 2500 ° -ға дейінгі ауқымдағы темпера- тура бірлігінің мемлекеттік алғашқы эталонын сатып алу; 14) 3,547 - 10,317 өлшем ауқымындағы рН шәкілінің мемле- кеттік алғашқы эталонын сатып алу; 15) жүйелік қателігі 3x10 ⁻⁷ ден аспайтын, 10 тәуелсіз қадаға- лау кезінде 3x10 ⁻⁸ өлшем нәтижесінің орташа шаршылық ауытқуы бар 1 Ом номиналдық мәнді электр қарсыласу- ының мемлекеттік алғашқы эталонын	Қазақстан Республи- касының Үкіметіне ақпарат	ИСМ	Жыл сайын 10 қаңтар және 10 шілде	2004 ж. - 185 2005 ж. - 302,75 2006 ж. - 317,888	Респу- бликалық бюджет

сатып алу;
16) жүйелік қателігі 5×10^{-7} ,
 2×10^{-7} өлшем нәтижесінің орташа шаршылық ауытқуы бар 0,2 пФ номиналдық мәнді электр сыйымдылық бірлігінің мемлекеттік алғашқы эталонын сатып алу;
17) тәуелсіз қадағалаулар кезінде 1×10^{-16} -дан 1×10^{-9} А-ға дейінгі ауқымда 1×10^{-3} , 1 А және 10×10^{-3} - 2×10^{-4} ток күшінің номиналдық мәнінде 5×10^{-8} А өлшем нәтижесінің орташа шаршылық ауытқуы бар 1×10^{-16} -дан 1×10^{-9} -ға дейінгі ауқымда 1×10^{-3} , 1 А және 25×10^{-3} - 5×10^{-4} тұрақты электр тоғы күшінің номиналдық мәнінде жойылмаған жүйелік қателігі 2×10^{-7} А-дан аспауы қажет тұрақты электр тоғы бірлігінің мемлекеттік алғашқы эталонын сатып алу;
18) жүйелік қателігі 1×10^{-5} - 3×10^{-4} өлшем нәтижесінің орташа шаршылық ауытқуы 1×10^{-3} - 20 А ауқымында 1×10^{-6} - 5×10^{-6} ауыспалы электр тоғының күш бірлігінің мемлекеттік

алғашқы эталонын с а т ы п а л у ; 19) 1×10^{-4} өлшем нәтижесінің орташа шаршылық ауытқуы бар $4,0 \times 10^{-7}$ -ден $1,0 \times 10^{-1}$ м² /с.ға дейінгі ауқымда сұйықтықтардың кинематикалық тұтқырлық бірлігінің мемлекеттік алғашқы эталонын с а т ы п а л у ; 20) жүйелік қателігі 3×10^{-6} , $1,2 \times 10^{-6}$ кездейсоқ қателігі бар 650-ден 2000 кг/м³ өлшемдер ауқымында сұйықтық тығыздығы бірлігінің мемлекеттік алғашқы эталонын с а т ы п а л у ; 21) жүйелік қателігі 2×10^{-6} , кездейсоқ қателігі 1×10^{-6} , сәулелену толқындары ұ з ы н д ы -ғының мәндері 0,467; 0,480; 0,508; 0,633 мкм, 1,47 - 1,94 өлшемдер ауқымындағы сынушылық көрсеткіші бірлігінің мемлекеттік алғашқы эталонын сатып алу.					
Мемлекеттік эталондарға қызмет көрсетуді және оларды бірге алып жүруді жүзеге асыру: 1) мемлекетаралық және халықаралық, сондай-ақ шет елдердің шама бірліктерінің ұлттық эталондарымен салыстырулар (салыстырып тексе-					

2	рулер) жүргізу; 2) сатып алына- тын жабдықтың сақталу және пайдалану шартта- рын қамтамасыз е т у ; 3) эталондарды жаңарту үшін шығыс материалда- рын және көмекші өлшем құралдарын с а т ы п а л у ; 4) эталондарды жөндеуден өткізу; 5) эталондарға қызмет көрсетуді ж ү р г і з у ; 6) уақыт пен жиілік мемлекет- тік қызметінің қызметкерлер штатын ұстау; 7) біліктілігін тұрақты арттыру мақсатында персоналды оқыту; 8) жабдыққа сервистік қызмет көрсетуді (уақыт пен жиілік мемле- кеттік эталонын өндірушілерді тарту және олармен келісім жасасу ж о л ы м е н) қамтамасыз ету; 9) уақыт қызмет- терінің халықара- лық ынтымақтас- тығына қатысу; 10) у а қ ы т дабылдарын теледидар және радиостанциялар бойынша тарату; 11) эталондық кешенді тұрақты дамыту (әрі қарай жабдықтау, жаңарту).	Қазақстан Республи- касының Үкіметіне ақпарат	ИСМ	Ж ы л сайын 1 0 қаңтар және 1 0 шілде	2004 ж. - 7 0 2005 ж. - 141,632 2006 ж. - 137	Респу- бликалық бюджет
		Қазақстан Республи-	И С М (жинақ-тау);	Ж ы л сайын 1 0	2004 ж. - 2 0 0	

3	Астана қаласында Эталондық орталық салу.	қасының Үкіметіне ақпарат	Астана қала- сының әкімі	қаңтар және 1 0 шілде	2005 ж. - 1 200 2006 ж. - 699,163	Респуб- ликалық бюджет
4	Салыстырып тексеру зертханасын құру және әлеуметтік, экономикалық және саяси маңызы бар салаларда пайдала- нылатын салыстырып тексеру жұмыстарын ұйымдастыру.	Қазақстан Республи- касының Үкіметіне ақпарат	ИСМ	Ж ы л сайын 1 0 қаңтар және 1 0 шілде	2005 ж. - 41,5 2006 ж. - 10	Респуб- ликалық бюджет
5	Өлшем құралдарын салыстырып тексеру және калибрлеу нәтижелерін зертханааралық салыстыруды жүргі- зуді ұйымдастыру.	Қазақстан Республи- касының Үкіметіне ақпарат	ИСМ	Ж ы л сайын 1 0 қаңтар және 1 0 шілде	2005 ж. - 6,258 2006 ж. - 6,571	Респуб- ликалық бюджет
	Жиыны: Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз ету мемлекеттік жүйе- сін дамытудың 2004 - 2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыруға арналған бюджет қаражатының көлемі.			2004 - 2006 жылдар	2004 ж. - 455 2005 ж. - 1692,14 2006 ж. - 1170, 652	Респуб- ликалық бюджет